

**«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөрлі ауданы білім беру
бөлімінің «Ақсай қаласының №1 бөбекжайы» МКҚК**

Бекітемін:
№1 бөбекжай директоры:
Олешко А.А.



Келісілді:
№1 бөбекжай әдіскері:
С.М.Нугманова

**Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Сиқырлы дойбы»**

**«Шие» мектепалды даярлық тобы
Тәрбиеші: Жамаладин Фариза Ақылбекқызы.**

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

Дойбы – бұл бір мезгілде демалыс әрі спорт, әрі өнер. Біздің елімізде дойбы ойына үлкен атаққа ие, ережелері қарапайым және жалпыға қолжетімді. Массовость бойынша дойбы ойыны басқа спорт түрлері ішінен сегізінші орын алады. Бұл данышпан халық ойыны біздің тұрмысқа нық енді. Оның жасы 5 мың жастан кем емес. Интеллектуальдық спорт ретінде дойбы жалпы адамзат мәдениетінің бір бөлігі ретінде танылды.

Швейцар психологы Жан Пиаже және бірқатар басқа ғалымдар балалардың дәл 3-12 жасында «ой-сөз», «ой-әрекет» механизмінің құрылатынын анықтаған. Осыған байланысты дойбы балалардың ойлау қабілеттерінің дамуында және көру мүшесі нашар балаларда ойлау қабілетін әрекет етумен бекітуде маңызы зор. Көру мүшесі нашар балалармен жасалған жұмыс тәжірибесі дойбы ойынының балалардың қызығушылықтарын еңжейтіп, көру қызметін, сонымен қатар мінез-құлықтың жақсы қасиеттерін бекітеді және дамытатынына дәлел.

Дойбы ойына балаларда тәртіптілік, ұқыптықы, мұқияттылық және логикалық ойлауға тәрбиелеуге көмектеседі.

Балабақшадағы тәрбиеленушілердің ата-аналары балалардың дойбы ойынын ойнауда қызығушылықтарын танытады. Дойбы ойыны барысында балалар және үлкен адамдар қоршаған ортамен танысып, бала эмоциялары мен басқа да бірқатар рухани қасиеттерін (өзін-өзін ұстай білу, ойынның қалыптасқан жағдаят кезінде керек жүрісті талқылау) керек бағытта жаттықтырады. Ойын балаға шынайы өмірде де біз сақтауға мәжбүр ережелердің барын көрсетеді. Ойын барысында балалар ұжымы бірігіп, отбасы мүшелері эмоционалдық жақындасатыны аса маңызды. Осында біз ынтымақтастық туралы айтуға болады: бала-құрдас-ата-ана-педагог.

Мақсаты: Балалардың жеке басының ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, ерікті әлеуетін ашу.

«Сиқырлы дойбы» 5 жастағы балаларға арналған вариативтік жоспары. Оқу қызметінің нысаны - оның тақырыбына байланысты ұжымдық, кіші топтық және жеке, аптасын 1 рет өткізіледі. Оқу жүктемесі гигиеналық талаптарға сәйкес келеді. Мектеп жасына дейінгі балаларға максималды жүктеме - ұзақтығы 25-30 минут.

Күтілетін нәтиже:

- нәтижелерді талдау, салыстыру, болжау қабілеттерінің дамуы қызметі;
- кеңістіктік қиял мен ойлау дамиды;
- дойбыға спорттық-зияткерлік бос уақыт ретінде қалыптасқан қызығушылық.

Осы вариативтік бөлімде төмендегі әріптесімнің іс-тәжірибесін пайдаландым. Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтеріне таратуға ұсынылған хаттама №1 27.01.202ж Ақсай қаласының №2 мектепке дейінгі білім беру ұйымның білікті бірінші санатты дене шынықтыру нұсқаушысы Тулеушов Берик Махсостович іс-тәжірибесінен алынды.

«Шие» мектепалды даярлық тобының вариативтік жоспары

№	Тақырып	Мазмұны	Сағат саны
1	«Данышпан. Дойбының пайда болуы туралы ертегі»	Дойбы ойының шығу тарихы жайлы айта алады, ойын ережелерін сақтай алады.	1
2	«Қоян заттары» (Дойбылар қалай орналасады?)	Дойбы тақталарының түрлерін ажыратып, фигуралардың орналасу тәртібін көрсете алады.	1
3	«Дойбы жүрістерінің мәні туралы әңгімелеу»	Дойбы ойынының техникасын көрсете алады. Дойбы ойынының теориясымен таныса алады.	2
4	«Алға жүру немесе диагональ бойынша бос орынға жүру» (Дойбы ойынының комбинациялары)	Дойбы ойынының техникасын көрсете алады. Дойбы ойынының теориясымен таныстыру. Ойлау қабілетін дамыту, бейнелі және аналитикалық ойлау дағдысын қалыптастыру Жады мен бақылғыштықты жаттықтыру.	1
5	«Биге өту. Бидің күші»	Дойбы ойынында басымдыққа жету жолдарын таба алады, өз бетінше шешім қабылдай алады.	1
6	«Дойбы жалғаулары.Төрт би біреуге қарсы»	Дойбы ойынындағы тасты алып жүру шеберлігін көрсете алады. Дойбы ойының шығармашылық және спорттық ойын түрі ретінде қабылдай алады.	4
7	«Дойбы жалғаулары.Үш би біреуге қарсы»	Дойбыдағы «бидің» жолын бөгеу және қолға түсіру әдістерін қолдана алады.	2
8	«Орталық және оның мәні»	Матералды тәжірибешілік бекіту. Пешкамен жүрістерді орындау бойынша жаттығулар. Маршрут бойынша және алаңдар бақылауы есебімен оларды алу, фигуралардың қозғалғыштығын шектеу бойынша дидактикалық ойындар.	2
9	«Дойбы ойыны.Дойбышылар сайысы»	Дойбы ойынындағы тактикалық жүрісті пайдалана алады.	2
10	«Жүрістердің есебі. Жазуды үйрену»	Дойбы ойынындағы жүрістерді бақылай отырып, өз жүрістерін жаза алады.	2
11	«Қорғаныстағы шабуыл»	Дойбы тақтасында қорғана отырып, тактикалық шабуыл жасай алады.	2
12	«Стратегиялық жоспарды жүзеге асыру»	Дойбы ойынындағы тасты алып жүріп стратегиялық жоспарлаған жүрістерді жүзеге асыра алады.	1
13	«Ақылды қоянның орман мектебі» - Би.	Қарсылас үшін соңғы көлденең қара алаңдары: ақ үшін 8 көлденең – b8, d8, f8, h8 (X белгіленген); қара үшін 1 көлденең a1, c1, e1, g1 (X белгіленген) – қарапайым дойбының биге айналу алаңдарын қолдана алады.	1
14	«Достарда қонақтау» - «Дойбылар жүрістері»	Дойбы (қарапайым) егер ол басқа дойбымен алмастырылмаса, диагональ бойынша бір алаңға тек алға қарай жүреді. Дойбымен артқа жүруге болмайды! ережелерін біледі.	2
15	«Ережелер жақсы – оны білу міндет» - дойбы ойынының негізгі ережелері	Негізгі ережелерді қолдана алады: егер қарсыластың дойбысы сіздің дойбыңызға тығыз орналасқан болса (диагональ бойынша көрші алаңда), ал артында бос орын болса, сіз жүрген кезде, қарсыластың дойбысын жығуыңыз керек. Жығылған дойбы жүріс аяғында ойын алаңынан алынады. Артқа жүруге болмайды, ал артқа қарай жығуға болады.	2
16	«Ақылды қоянның орман мектебі» - Дойбы ойынының негіздері: қақпан және қысқа партиялар.	Жүрістерді орындау жаттығуларын қолдана алады.	2

17	«Ақылды қоянның орман мектебі» - Дойбы тақтасындағы күрестің негізгі тәсілдері.	Ережемен таныстыру: егер сіз бір дойбыны құлатқан соң, сіздің дойбыңыз бір диагональда қарсылас дойбысының алдында тұрып қалса, ал қарсылас дойбысының артында бос орын болса, онда ол қарсылас дойбысы жығылу керек. Егер тағы да сондай жағдай туындаса, бірақ басқа диагональ бойынша, онда барлық дойбылар дойбылар және бұрылыстар санына қарамастан жығылу керек.	2
18	«Ақылды қоянның орман мектебі» - Дойбы ойынының негіздері: бигу өту тәсілдері.	Биге өту тәсілдерінің ережелерін қолдана алады. Қарапайым дойбы би алаңына жеткен соң, биге айналады. Бұл баяу жүріс (дойбының 7-ші көлденеңнен 8 –ге ақ үшін немесе 2-ден 1-ге қара үшін) арқылы, сонымен қатар соққы жүріспен жетуге болады. Би алға қарай және диагональ бойынша артқа да жүре алады (оған кез келген дойбы немесе алаң шеті кедергі болмаса). Би дойбы сияқты соққыға жығады, тек қарсылас дойбысы би торынан кейін орналасуы мүмкін. Қарсыластың дойбысын аттап өтіп, би кез келген алаңға қона алады.	2
19	«Ойыншының әдебі» - Ойын барысында тәртіп ережелері	Ойын барысындағы ережелерді қолдана алады. 1 ереже: ойын алдында және соңында қарсыластар бір-бірінің қолын қсынып, жақсы ойын мен жеңіс тілейді. Ойын соңында жеңілген ойыншы қарсыласын жеңіспен құттықтайды. 2 ереже: Бастасаң – жүр! 3 ереже: егер сіздің дойбыңыз ыңғайсыз тұрса (2 немесе 4 алаңға) оны түзету керек болса, сіз «түзетемін» деп айтасыз және содан кейін түзетесіз. 4 ереже: егер сізге төрешінің көмегі қажет болса, сіз қолыңызды көтеріп, жүрістерді санап, тең ойын деп есептеу үшін төрешіні шақырасыз. 5 ереже: ойын барысында қарсыласпен немесе көрші ойыншылармен сөйлесуге болмайды.	1
20	«Көңілді күрес»	Ойын-жарыс «Фигураларды кім бірінші орналастырады». Ойын «Дойбыны алу».	1
21	«Жарыстар»	Жыл қорытындысын шығару. Бала бақшадағы ойыншылар арасындағы жарыстар, дойбы кездесулері, демалыстар, дойбы турнирлері.	2
	Барлығы:		36

«Сиқырлы дейбі» вариативтік компонентке арналған жоспар

Тобы: «Шие» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Жамаладин Ф.А.

Тақырыбы: «Данышпан. Дейбінің пайда болуы туралы ертегі»

Мақсаты: Дейбі ойының шығу тарихы жайлы айта алады, ойын ережелерін сақтай алады.

Керекті құралдар: дейбі тақтасы, суреттер.

I. Ұйымдастыру

-Сәлеметсіздерме балалар! Сіздермен бүгін дейбі ойының тарихы туралы айтамыз.

Дейбінің шығу тарихы:

Дейбі-бір жағынан ежелгі, екіншіден жас ойын. Ежелгі болатын себебі, ойынға арналған құралдар сонау ерте заманда Египет пен Русьтегі Киев аймақтарындағы қазба жұмыстары кезінде табылған. Сонымен бірге ежелгі болатын себебі, қазіргі заманғы зерттеушілер дейбінің таратылу тарихы мен жолдырын әлі күнге дейін тапқан жоқ-олар ғасырлар қойнауында жасырын жатыр. Жас болатын себебі, ойын тәртібі уақыт ағысымен өзгерістерге ұшырап, тұрақтандырылды, ол осы ғасырдың орта тұсына таман қазіргі заманға лайықталды. Ежелгі Римде дейбі ойыны «латрункул» деген атауға ие. Бұл латын сөзі «латро», яғни қазақшаға аударғанда –сарбаз, жауынгер, т.с.с, мағына береді. Демек, ойын екі армияның соғысымен сипатталған әскери болып табылады.

Дейбі тақтасындағы соғыстың қалай өткенін Исидор Севильскийдің (560-686б.э) хабарламасынан білуге болады. Ол жүрістер туралы төмендегіше жазады: «Дейбілардың бір бөлігі тәртіппен, бір бөлігі анда-мұнда жүреді, сондықтан да олардың жартысы қарапайым (ординарии), ал қалғандары адасқандар (ваги) деп аталады.

Бүгінгі күнде дейбі спорттың өзге түрлері араасында елеулі орын алады. Қазақстан Республикасының чемпионаттары үнемі өткізіліп тұрады, секциялар құрылған. Бұқара арасында дейбі ойының тарихы жалғаса береді.

Себебі, бұл өте ежелгі және мәңгі жас ойын.

Дейбі (орыс, шашки)-спорт түрі. Дейбіны алпыс төрт (орыс дейбісы) не жүз (халықаралық дейбі) шаршыға бөлінген тақтада он екі (орыс дейбісы) не жиырма (халықаралық дейбі) таспен екі адам ойнайды.

Ойынның мақсаты-қарасыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. Дүниежүзілік дейбі федерациясы (FMID) 1947 ж. құрылған. Оған отыздан астам ел мүше. Дейбі біздің заманымыздан 2500 жыл шамасы бұрын Мысыр елінде пайда болған. Қазіргі таңда дүние жүзінің он үш елінде әр түрлі атаумен, өзіндік ережемен ойналады. 1894ж. дейбідан (орыс дейбісынан) алғашқы дүниежүзік чемпионат өтті.

Дүниежүзілік олимпиада 1986 жылдан (халықаралық дейбідан) ресми жарыстар 1935 жылдан бері өтіп келеді. Кейбір деректерге қарағанда дейбі қазақ жерінде 1740 жылдан бері өтіп келеді. Кейбір деректерге қарағанда дейбі қазақ жеріне 1740 жылдар шамасында келген. Абайдың атасы Өскенбай, өз әкесі Құнанбай, атақты Кемпірбай ақын және олардың көптеген замандас тары дейбіны құмарта ойнаған. Абайдың Жидебайдағы мұражайында ұлы ақынның дейбісы әлі күнге дейін сақтаулы тұр. 1956 жылдан бастап жүз шаршылы дейбідан Қазақстан чемпионаты өтіп келеді.

Қазақтың тұңғыш дейбі шеберлері

Қазақстандығы дейбі спортының дамуы бұдан бірінеше ғасыр бұрын басталады. Көшпенді бабаларымыз (сақ дәріндегі) **шатыраш** деген ойынды білген екен. Әуелгі кезде оны ойнауға тиым салғанына қарамастан қазақ даласына тез тарап кетіпті. Сауда керуендерінің қазақ даласына келуіне байланысты қазақ даласына бұл ойын халықтың сүйікті ойындарының біріне айналған. Қазақстанның шығысына бұл ойынды **дейбі** десе, батыс аймақтарда **шатыраш** деп аталады. Қазақтың «екі жеп биге шығу» деген сөзі бұл ойынның ежелден келе жатқандығының, оның ұлттық ойынымыз екенінің бір белгісі.

Қазақстанның бірінші чемпионаты 1935 жылы өтіп, оған 12 ойыншы қатысыпты. Бір ерекшелігі, алғашқы чемпионның ұлы Абайдың немересі, семейлік Әрхам Кәкітайұлы Ысқақовтың (бұрынғы деректерде Әкрам деп келген едік) болғандығында, Әрхам Кәкітайұлы

екінші рет 1949 жылғы өткен республика біріншілігінде чемпион болыпты. Бұл кісі сонымен бірге тоғыз құмалақты да жақсы ойнаған, бірінші рет ел біріншілігіне қатысқан. Қазақстанда бірінші болып дойбыдан спорт шеберлігіне кандидат болған - Шәкір Әлімбаевтің Жамбыршин. Қазақтан дойбы, шахмат және тоғыз құмалақ жайлы алғашқы үйрену кітабын жазған Талапбек Сұлтанбек (1930-2009). «Дойбы ойыны» (1954), «Шахмат ойнай білесің бе?» (1959), «Шахмат, дойбы, тоғыз құмалақ» (1967) кітаптарының авторы.

Қазақ жігіттері арасынан тұңғыш дойбыдан спорт шебері болған – Бақ Қуанышбайұлы Иманәлиев (1952.25.07-2008.28.07).

Бақ Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қамбаш ауылының тумасы. Жастайынан көзі көрмей қалған жігіт тағдырдың тәлкегіне көнбей білім алып дойбы үйірмесіне қатысып, әуелі ө өздер арасындағы, сосын сау көздерілер арасындағы жарыстарда озып 1984 жылы алғаш рет КСРО финалына қатысқан бірінші қазақ жігіті.

II. Балалар дойбыны жұпқа бөліп, ақ және қаралар болып бөлінеміз.


Сергіту ойыны.

Құрылымдалған ойын: «Күн және Түн»: балалар екі топқа бөлінеді. Ақ тастар күн, ал қара тастар түн болып бөлінеді. Жүргізуші күн деген кезде ақ тастар орындарына тұрып үлгеру керек, ал қаралар орындарына жеткізбей ұстап алу қажет. Дәл солай түн дегенде қаралар орындарына жеткізбей ұстап алу қажет. Дәл солай түн дегенде қаралар орындарына қаша жөнеледі. Ойын соңғы ойыншы жеңіске жеткенше жалғасады.

III. ҰОҚ қортындылау:

Балалар біздер дойбы ойынының тарихын жетік меңгердік. Алдағы уақытта біліп жүретін боламыз. Дойбы ойыны нағыз алғырлардың ойыны. Жетістікке жіту үшін әр ойынға тыңғылықты дайындықпен келу керек.

Тексерілді:



Әдіскер: Нугманова С.М.

«Сиқырлы дейбі» вариативтік компонентке арналған жоспар

Тобы: «Шие» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Жамаладин Ф.А.

Тақырыбы: «Қоян заттары» (Дойбылар қалай орналасады?)

Мақсаты: Дойбы тақталарының түрлерін ажыратып, фигуралардың орналасу тәртібін көрсете алады.

Керекті құралдар: дойбы тақтасы, картинкалар, дойбы тастары, орындықтар


Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық 4-5 мин	Қайырлы күн балалар! Шаттық шеңбері, Қане балғын ойшылдар, Көкке қолымызды созайық Жылу берген күнге Қолымызды бұлғайық Жер анаға сәлем деп Бір отырып тұрайық Күлімдеп және достарға Біз көңілді болайық	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды, дұрыс орындауға тырысады. Шеңберге тұру.
Негізгі бөлім 15 мин	1. Әр кезеңдер сайын дойбы ойынының тақталары да өзгеріп келді Қазіргі таңда біздер ойнайтын орыс тақтасы. Дойбы тастарын қара шаршыларға орналастырамыз. 12 ақ және 12 қара дойбы тастары бар. Фигуралардың орналасу тәртібі суретте көрсетілген. 2. ПЖ ойын: “Үйдегі балапандар” Барлық фигураларды өз орынына орналастыруға, жетік меңгеруге арналған ойын түрі. Мақсаты: балалар белгі берген кезде өз тастарын орындарына дұрыс орналастыру қажет. Бірінші жиналған балалар жеңіпаз болады. Еркін ойын: «Қонаққа барамыз» Шарты: Балалар шахматтық бойы қойылған орындықтарда отырады, нұсқаушы “Қонаққа барамыз”-деп белгі бергенде орындарынан тұрып көңілдене ойнайды, “Кеш болды, үйге қайтамыз”-деп белгі бергенде өз орынын тауып отырады.	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды, тапсырманы бұлжытпай орындауға тырысады. Ойынға жаппай қатысады
Қортынды бөлім 5 мин	Орынмызға жайғасайық. Бүгінгі дойбы тақтасы және фигуралдың орналасу тәртібін дұрыс меңгердіңіздер. Ақ пен қара тастарды араласып орналастыруға бола ма? Фигураларды қандай түсті жолаққа орналастырамыз? Үйге тапсырамыз: дойбы тақасын ақ бетке сызып үйрену. Сау болыңыздар!	Сұрақтарға жауап береді. Ойын тақтасын жинастырамыз

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Фигуралардың дұрыс тұрасын

Түсінеді: Ойын тақтасының қара түсіне құрылуын.

Тексерілді:



Әдіскер: Нугманова С.М

«Сиқырлы дойбы» вариативтік компонентке арналған жоспар

Тобы: «Шие» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Жамаладин Ф.А.

Тақырыбы: «Дойбы жүрістерінің мәні туралы әңгімелеу»

Мақсаты: Дойбы ойынының техниксын көрсете алады. Дойбы ойынының теориясымен таныса алады.

Керекті құралдары: дойбы тақтасы, картинкалар, дойбы тастары.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық 4-5 мин	Қайырлы күн балалар! Шаттық шеңбері: бір, екі, үш, Бойға жина күш, Төрт, бес, алты Биік ұшып қалқы. Жеті, сегіз, тоғыз, он Орыңызға келіп қон.	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды, дұрыс орындауға тырысады. Шеңберге тұру.
Негізгі бөлім 15 мин	1. Дойбы ойынының жалпы ережелері қазіргі таңға дейін өзгертулерге ұшырап келді. Жаңартылған ереже бойынша бізде дойбы ойынын ойнап үйренеміз. Ойын тастары қара жолаққа құрылады. Басты ережелерінің бірі дойбы тасы тек алдыға жылжи диагональ бағытта бір адым жүреді; алға жүрген дойбытасы артқа жүре алмайды. Ұстаған тасты жүруге міндетті; Ойынның басты мақсаты қарсыластың тастарын жеп бітіру немесе жүріс қалмайтындай етіп жолдарын жауып тастау. Ойын барысында берілген тастарды міндетті түрде жеу керек. Ойынның негізгі жүрістері. Ақ тасты ойыншы бірінші ойынды бастайды. Шабуды орындау алға да, артқа да орындалады. Әр жүрісте жүрмес бұрын ойланып, қауіпсіз аймаққа қарай жүрген дұрыс. 2. ПЖ ойын: “Ақ көжекті үйіне жеткіз” Ақ тастарды бір-біріне жүргізіп қарсы аймаққа жинау. Жолдарды қысқартып тез жеткізуге тырысу. ПЖ ойын: “Ақ пен қара”. Нұсқаушының белгісі бойынша ақ және қара топқа бөлінген балалар араласа жүгіріп ойнайды. “Жұбынды тап” деген кезде ақ пен қара бір-біріне құшақтап тұрып қалулары керек.	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды, тапсырманы бұлжытпай орындауға тырысады. Дойбы тастарын дұрыс бағытта жылжыта жүргізеді. Ойын ережесін сақтау қажет.
Қорытынды бөлім 5 мин	Ал қанекей, балалар дойбы жүрістерін қайталап көрсетейік. Көжектерді кім тез үйіне жеткізеді? Үйге тапсырамыз: Ережені есте сақтап дойбы жүрістерін меңгеру. Сау болыңыздар!	Ойын тақтасын жинастырамыз


Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Жүрістерді диагональ бағытта жүруде

Түсінеді: Өз тастарын сақтау; жолдарды бекіту

Қолданады: дойбы ойынының ережелерін, негізгі жүрістерін

Тексерілді:



Әдіскер: Нугманова С.М.

«Сиқырлы дейбі» вариативтік компонентке арналған жоспар

Тобы: «Шие» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Жамаладин Ф.А.

Тақырыбы: «Алға жүру немесе диагональ бойынша бос орынға жүру» (Дейбі ойынының комбинациялары)

Мақсаты: Дейбі ойынының техникасын көрсете алады. Дейбі ойынының теориясымен таныстыру. Ойлау қабілетін дамыту, бейнелі және аналитикалық ойлау дағдысын қалыптастыру. Жады мен бақылғыштықты жаттықтыру.

Керекті құралдар: дейбі тақтасы,картинкалар,дейбі тастары.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық 4-5 мин	Қайырлы күн балалар! Шаттық шеңбері: Біз сарбаздармыз ақылды, (орынында адымдау) Болжай білер алыс – жақынды. (қолдарын басына қойып, айналаға қарау) Біздер жақын достармыз (оң жанындағы досын құшақтау) Сыйлай білетін әркімді,(қолын алдыға созу)	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды,дұрыс орындауға тырысады. Шеңберге тұру.
Негізгі бөлім 15 мин	1.Барлық спортшылар үшін еңт бастысы ол жеңіс.Дейбі ойынында да жеңіске жету үшін әртүрлі тәсілдер қолданамыз.Ең бастысы жоспарды тез, әрі тиімді құра білу керек.Бұл жағдайды комбинация деп атаймыз.Қарсыласқа бір дейбі тасын жеуге беру арқылы,сен оның екі немесе оданда көп тасын алуың мүмкін.Ондай комбинация- күрделі жеу деп аталады.Ондай комбинацияларды жасау үшін алдымен қарсыласыңның айналасын алдынала көріп отыруың керек.Ойында жеңіске жету үшін бір қалыпта ойнамай,әр түрлі қапталмен жүру арқылы шатастырып,содан соң өз жоспарыңды іске асыруға болады.Ең бастысы құрылған комбинация дұрыс болуы қажет. Асығыстыққа жол бермеген дұрыс. 2.Ойлауды дамытуға арналған “Қасқыр мен қозылар” ойыны. Мақсаты: ойын барысында тұзақ құру арқылы қарсыластың тастарын екі немесе одан көп етіп ұтып алу.Қай ойыншының комбинациясы бірінші орындалса,сол жеңіске жетеді. Қозғалмалы ойын: “Аңшы” Ойыншылар қояндар боп ортаға жиналып,ұйықтап жатқан аңшыны оятады да қаша жөнелді. Аңшы қолындағы добын домалатып бірінші қоянның алдын кесу керек Қояндар қай жақтан келетінін білмегендіктен дайын болуы керек.Ойын соңында көп қоянның жолын кескен аңшы жеңімпаз болады.	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды,тапсырманы бұлжытпай орындауға тырысады. Ойын ережесін сақтау қажет. Комбинация құруды меңгереді Ойын ережесін сақтау қажет.
Қортынды бөлім	Жарайсыңдар,балалар айтыңдаршы қандай	Жақсы ойнаған

5мин	жолдармен қарсыласты ұтуға болады? Әр ойын сайын өз жоспарларың болуы керек екенін ұмытпаңдар. Үйге тапсырамыз: отбасы мүшелерімен ойнау және комбинация жасауды меңгеру. Сау болыңыздар!	балаларды мадақтау, ойыншыларды жігерлендіру. Ойын тақтасын жинастырамыз
------	---	---


Күтілетін нәтиже:

Орындайды: бірінші жүрістер арқылы көбірек тастарды жеуді

Түсінеді: комбинация құру маңыздылығын

Қолданады: ойын арасында жоспарлау тәсілдерін

Тексерілді:



Әдіскер: Нугманова С.М.

«Сиқырлы дейбі» вариативтік компонентке арналған жоспар

Тобы: «Шие» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Жамаладин Ф.А.

Тақырыбы: «Биге өту.Бидің күші»

Мақсаты: Дейбі ойынында басымдыққа жету жолдарын таба алады, өз бетінше шешім қабылдай алады.

Керекті құралдар: дейбі тақтасы,картинкалар,дейбі тастары.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық 4-5 мин	Қайырлы күн балалар! Шаттық шеңбері: Біз сарбаздармыз ақылды,(орынында адымдау) Болжай білер алыс – жақынды. (қолдарын басына қойып, айналаға қарау) Біздер жақын достармыз (оң жанындағы досын құшақтау) Сыйлай білетін әркімді,(қолын алдыға созу)	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды,дұрыс орындауға тырысады. Шеңберге тұру.
Негізгі бөлім 15 мин	1.«Би» болған тастың жүрісі ұзарады.Ол диагональдың ұзын бойымен немесе диагональдың кез келген шаршысына жүре алады.Тақтаның ортасында тұрғанда «би»төрт жаққа бірдей диагональдар бойынмен жүре де, жей де алады. Биге бір шығып алған тас артқы шаршысы бос жай тастарды немесе «би» тастарды диагональ бойындағы кез келген қашықтықтан жей береді. «Би» бірінші тасты жей алады, бірақ бір қарғыған тасының үстінен екінші рет қарғуға болмайды. «Би» бірінші тасты мүмкіндік алып тұрған кезде,тастар ойыншысының қалауы бойынша желінеді. «Би» бірден бірнеше тасты жеген кезінде желінген тастарды бір-бірлеп жинамай,соңғы шаршыға түскен кезде ғана тастарды түгелдей тақтадан алады. 2.Шапшаңдыққа арналған ойын: «Хан» ойыны дейбі тақтасында тек екі-екіден тастар қалады.Ақ пен қара жақтың ойыншылары бірінші болып “Би” атануы керек.Ойыншының жүрісін қадағалап,кедергі жасауға болады. ПЖ ойын: “Жыландар” ойын шарты: балалар жыландар болып тізбектеліп жүреді.Бастаушы белгі бергенде басында тұрған ойыншы соңындағы ойыншыны ұстауы қажет.Ескерту:балалар қолдарын босатуға болмайды.	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды,тапсырманы бұлжытпай орындауға тырысады. Әр жүресі қадағалады Ойын ережесін сақтау керек
Қорытынды бөлім	Орынмызға жайғасамыз.Балалар егер «Би» ге шықсақ жеңіске жету мүмкіндігіміз артама? Бүгін кімде биге жету мүмкіндігі көп болды? Үйге тапсырамыз: Биге тез жету және ойын барысын өзгерту.Сау болыңыздар!	Ойын тақтасын жинастырамыз.


Күтілетін нәтиже:

Орындайды:Жүрістің дұрыс болуын

Түсінеді: «Би» дейбі ойынында басты фигура екендігін

Қолданады:Биге

Тексерілді:



Әдіскер: Нугманова С.М.

«Сиқырлы дейбі» вариативтік компонентке арналған жоспар

Тобы: «Шие» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Жамаладин Ф.А

Тақырыбы: «Дейбі жалғаулары.Төрт би біреуге қарсы» (4 сағат)

Мақсаты: Дейбі ойынындағы тасты алып жүру шеберлігін көрсете алады. Дейбі ойының шығармашылық және спорттық ойын түрі ретінде қабылдай алады.

Керекті құралдар: дейбі тақтасы,картинкалар,дейбі тастары.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық 4-5 мин	Қайырлы күн балалар! Шаттық шеңбері: Жүріңдер пойызға мініп алайық, (пұф-чук) Дейбі әлеміне барайық(пұф-чук-чук) Тамашалап айналаны қарайық Қанша достар бар санайық (пұфшш-шшш-пұфшш)	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды,дұрыс орындауға тырысады. Шеңберге тұру.
Негізгі бөлім 15 мин	1.Төрт «Би» әрқашан біреуін жеңеді.Егер жалғыз би үлкен жолға орналасса,онда өз билеріңді Е3, f4,g1, h2 алаңдарында орналастырамы.Егер жалғыз би үлкен жолда болмаса,өз билеріңді шаршы бағытында орналастыру қажет.А1,а3. с1,с3 өрістері. Көп жағдайларда жалғыз биге құтылып кету оңай болмайды.15 жүріске дейін ұсталмаса тең ойын тіркеледі.Ойыншылар әр жүрістің маңыздылығын түсінгені жөн. 2.Ойлауды дамыту ойыны: «Қарсы бағыт» ойыны ептілікті қажет етеді.Жалғыз дейбі тасымен қарсыластың төрт дейбі тасына қарсы шығып,арасынан келесі бетке өтіп кету керек.Ескерту: Төрт дейбісы бар ойыншы тек алға жүреді.Жалғыз дейбісы бар ойыншы артқада қозғала алады.Тек бір жүрістен жүрулері керек. Қозғалмалы ойын: «Жалғыз орын» ойын шарты:ақтар және қаралар болып екі топқа бөлінеді.Бір-бір ойыншыдан шығып белгілі жердегі орындыққа бірінші барып отырулары керек.Ойын соңында қай топтың ойыншылары орындыққа көп отырса солар жеңіске жетеді.	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды,тапсырманы бұлжытпай орындауға тырысады. Әр жүресі қадағалады Ойын ережесін сақтау керек
Қортынды бөлім 5мин	Балалар бүгінгі оқу қызметінің басты мақсаты неде болды? Жалғыз би төрт биге қарсы тұру оңайма? Үйге тапсырамыз: Түрлі тәсілдермен бір биді қолға түсіру.Сау болыңыздар!	Жақсы ойнаған балаларды мадақтау,ойыншыларды жігерлендіру. Ойын тақтасын жинастырамыз.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:Жүрістерін тиімді жүруді

Түсінеді: уақыттың тиімділігін, шешімді дұрыс қабылдауды

Қолданады:Аз уақытта қарсыласын қолға түсіру,өз ойының жүзеге асыру

Тексерілді:

Әдіскер: Нугманова С.М.

«Сиқырлы дейбі» вариативтік компонентке арналған жоспар

Тобы: «Шие» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Жамаладин Ф.А.

Тақырыбы: «Дейбі жалғаулары. Үш би біреуге қарсы»

Мақсаты: Дейбідағы «бидің» жолын бөгеу және қолға түсіру әдістерін қолдана алады.

Керекті құралдар: дейбі тақтасы, картинкалар, дейбі тастары.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық 4-5 мин	Қайырлы күн балалар! Шаттық шеңбері: Аю келді қорбаңдап, Көжектер қашты томпаңдап. Түлкіде жүр, қасқыр жүр, Ормандағы аңдар бұл. (Аңдардың жүрістерін салу)	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды, дұрыс орындауға тырысады. Шеңберге тұру.
Негізгі бөлім 20 мин	1. Ойын өткізу үшін, біртіндеп ұтыстарды дайындау арқылы, Қара биге дейбі тақтасының маңызды қатарларын біртіндеп алып, қадамдарды жоспарлы және логикалық түрде дұрыс өрсітетү қажет. Аталған аулау 15 қадаммен аяқталады тиіс, әйтпесе ойын тең аяқталады (бұл туралы біз дейбі ережелерінде жаздық) Бірінші, есте сақтау керек, бұл үлкен жолды ұстап тұру, әйтпесе оны қарсылас алады, содан кейін ойын тең ойынмен аяқталады. Ойынға кірісе отырып, ең алдымен, қара биде жол қатарын алып тастау керек: 2. Сергіту жаттығуы; орнымызда тұрып, ағаштар жайқалады, жел соққанда айналады. Жаңбыр жауса тоңады, күн шыққанда қуанады. Қозғалмалы ойын: «Бақташы». Ортада бақташының үйі, оң жақта бау-бақшасы. Ал сол жақта лақтар. Бақташының лабиринт жолымен лақтар кіріп жемістерін алып қашу керек. Бақташы қуа жөнелді. Ескерту: лабиринт жолдан шығуға болмайды	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды, тапсырманы бұлжытпай орындауға тырысады. Әр жүресі қадағалады Ойын ережесін сақтау керек
Қортынды бөлім 5 мин	Орнымызға жайғасамыз. Балалар бәріміз бірге «ш» деп айтайық. Ортаңғы жолдың маңыздылығы неде? Кімнің биі ұсталмады? Үйге тапсырамыз: Түрлі тәсілдермен бір биді қолға түсіру. Сау болыңыздар!	Жақсы ойнаған балаларды мадақтау, ойыншыларды жігерлендіру. Ойын тақтасын жинастырамыз.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Жолдардың жабылу әдістерін

Түсінеді: «Би»дің жолын бөгеу және қолға түсіру

Қолданады: Ұзын жолды қарсыластан қорғау, өз ойынын жүзеге асыру

Тексерілді:

Әдіскер: Нугманова С.М.

«Сиқырлы дейбі» вариативтік компонентке арналған жоспар

Тобы: «Шие» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Жамаладин Ф.А.

Тақырыбы: «Орталық және оның мәні»

Мақсаты: Дейбі тақтасындағы әртүрлі жағдайда орталық жолды иесдене алады.

Керекті құралдар: дейбі тақтасы,картинкалар,дейбі тастары.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық 4-5 мин	Қайырлы күн балалар! Шаттық шеңбері: Арайланып көңілді,шаттық бізге сыйлайды, Қуанышын асырып айналама жинайды Асыға достарыммен жолықтым Қане,кім бізбен дейбі ойынын ойнайды	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды,дұрыс орындауға тырысады. Шеңберге тұру.
Негізгі бөлім 15 мин	1.Орталықтың мәні Позициялық күрестің негізгі принципі-қарсыластың іс-қимылдарын барынша ығыстыру.Өйкені,қарсыласқа ойын жалғастыру нұсқаларын таңдаудан аз қалдыратын қадамдар жасау жақсы. Осы тапсырманы орындауды орталықты меңгеруді жеңілдетеді.Орталықта дейбі әрдайым өте белсенді және күшті.Ойынның жартысында орталықта орналасқан дейбі өз дейбіларынан алшақ емес,бекітілу тиіс.Қосшы да,орталық та,өз дейбіларынан алшақ емес,бекітілуі тиіс.Қосшы да, орталық та, өз дейбіларынан алшақтап орналасса,қарсылас үшін шабуылдың мәні болуы мүмкін.Себебі кез келген орталық күшті емес,кейде қарсылас күшіндегі белгілі бір әлсіздікті пайдалана отырып,орталыққа қарсы соғысты сәтті жүргізуге болады.Бірақ ұқсас стратегияны меңгеру – белгілі бір тәжірибені және тиісті дағдыларды дамытуды талап ететін позициялық ойынның ең ауыр міндеттерінің бірі. 2.Ойлауды дамыту ойыны: «Менің үйім». Бастаушы екі жақтың ойыншыларына екі «Би» дейбідан беріп,бірін орталық жолға орналастырады.Келесі ойыншы сол жолды иемдену керек.Бір дейбісын беру арқылы алуға болады. ПЖ ойын:» «Аралар» ойын шарты: аралар бал іздеп ызылдап ұшып жүреді.Ал,аю үйінде алаңсыз ұйықтап жатады.Аралардың ызыңына жыдамай қуа жөнеледі.Балалар ауысып ойнайды.	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды,тапсырманы бұлжытпай орындауға тырысады. Әр жүресі қадағалады Ойын ережесін сақтау керек
Қортынды бөлім 5мин	Жарайсындар балалар! Орталық жолдың тиімді жақтарын атап айтып беріндер? Қандай комбинациялармен? Үйге тапсырамыз: Дейбі ойындарын туыстарымен ойнау,қандай жағдайда орталық жолды дұрыс қолдандың?.Сау болыңыздар!	Жақсы ойнаған балаларды мадақтау,ойыншыларды жігерлендіру. Ойын тақтасын жинастырамыз.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды:әр түрлі жағдайда орталық жолды иемдену

Түсінеді: Орталық жолдың тиімді және тиімсіз жақтарын

Қолданады:Биге шыққан кезде жолдарды жауу.

«Сиқырлы дойбы» вариативтік компонентке арналған жоспар

Тобы: «Шие» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиеші: Жамаладин Ф.А.

Тақырыбы: «Дойбы ойыны.Дойбышылар сайысы»

Мақсаты:Дойбы ойынындағы тактикалық жүрісті пайдалана алады.

Керекті құралдар: дойбы тақтасы,дойбы тастары.

Оқу қызметінің кезеңдері	Педагогтің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық 4-5 мин	Қайырлы күн балалар! Шаттық шеңбері: Жайдарлы көңілді сыйлаймыз,(күлімдеміз) Ақылға салып ойлаймыз.(ойланамыз) Достарменен біз бүгін (қолымызды аламыз) Дойбы ойынын ойнаймыз.(қуанамыз)	Нұсқаушыны мұқият тыңдайды,дұрыс орындауға тырысады.
